


А 2007

85554

БАҚҚОЖА МУҚДАМ



Баққожа МҰҚАИ



«Ана тілі» баспасы
Алматы — 2007 жыл

БАҚДОЖА МУҚАН




МУҚАН БАҚДОЖА
— 2007 —

Баққожа МҰҚАИ

Таңдамалы шығармалар

Пьесалар



«Ана тілі» баспасы
Алматы — 2007 жыл

ББК 84 Каз 7-7
М 83

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

**Баққожа Мұқай. “Таңдамалы шығармалары” 3-том.
М 83 (Пьесалар).** — Алматы: “Ана тілі”, 2007, — 448 бет.

ISBN 9965 670-56-0

Баққожа Мұқай көпшілікке кең танылған драматург. Оның драмалық шығармалары уақытпен үндес, заманның ащы шындығын батыл көтеретін мінезімен бағалы. Оның пьесаларына мәңгі бақи мәнін жоғалтпайтын моральдық, әлеуметтік мәселелер арқау болған.

4702250201
М ————— 07
00 (05)-07

ISBN 9965 670-56-0

ББК 84 Каз 7-7

© Мұқай Б., 2007
© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2007



Пьесалар

Қош бол, менің ертегім

Иірім

Сергелдең болған серілер

Тоят түні

Дүние кезек

Заманақыр


Тойы көп үй

Өмірзая

Төлкек тағдыр

Ерулік

Раушан гүлі



ҚОШ БОЛ, МЕНІҢ ЕРТЕГІМ

Драма

Қ А Т Ы С А Т Ы Н Д А Р:

Ә л и	— орманшы
А й ж а н	— кемпірі
Н ұ р б е к	— ұлы
М ұ р а т	— немересі
Қ о ж а б е к	— омарташы
М а р ж а н	— қызы

А с а н

Ғ а л ы м

Колхоз председатели

Оқиға шалғайдағы орманшының ауласында өтеді.

Бірінші бөлім

1

Орман. Қалың орманды қақ жарып өзен ағып жатыр. Өзен жағасында қарағайдан қиып салған үй. Үйдің іргесінде бәйтерек. Бәйтеректің саясында 14–15-тер шамасындағы бозбала сурет салып тұр. Қағазға таудың эскизі түскен.

Сақал-мұртына ақ араласқан шал көтеріп келген көшеттерін бәйтеректің түбіне қойып, темекі тұтатады. Үйден кимешегінің етегі жер сызған кемпір самаурын алып шығады.

Ә л и. Бәйбіше, сиыр бұзауымен бірге жүр. Сауып алып па едің?

А й ж а н. Не дейді? Байлап қойып едім ғой ол немені.

М ұ р а т. Мен босатып жібердім, әже. Көп мөңіреген соң жаным ашып кетті.

А й ж а н. Үйбу-у, енді не бетімді айтайын! *(Шал күледі.)*
Ал отырындар енді кара суды сораптап. *(Шөмшек тере бастайды.)* Қалың ағаштың ортасында отырып, шөмшекке жарымаймыз. Ой-бо-й, белім! *(Отыра кетеді.)*

Ә л и. Белің ауырса отырып демал.

А й ж а н. Сенің ызаңа белім үзіліп кетсе де дем алмаймын. *(Тұрады.)*

Ә л и. Әу, зорығып қаласың. Отыр мұнда, темекі тарт.

А й ж а н. Ең болмаса малға қарауды да білмейді. Бір қасық сүтті сұрап ішкен соң мал ұстап не жыным?! Ой, Алла-ай! Мына ағаш ұшпаққа шығарар сені.

Ә л и. Менің тілбізірім сұңқылдай бастады.

А й ж а н. Өзге жұрттың кемпір-шалы екі қолдарын жылы суға салып, рахатқа батып жүр. Ал біз... *(Кемсеңдеп.)* Қаздандап қалада, Нұрбегімнің жанында жүретін жөнім бар емес пе еді.

Ә л и. Иә, ол сені қаздандатып, жетектеп жүрер еді.

А й ж а н. Жүрсе несі бар? Басқа жұрттың баласынан кем дейсің бе?

Ә л и. Қысқа көйлек киіп, ернің мен қасынды бояп, шашыңды кесіп, әй, бір жасап қалатын болдың.

А й ж а н. Ернімді де, қасымды да бояймын, қысқа көйлек те киемін. Ал өртеніп кет!

(Шал күледі.)

М ұ р а т. Әже, ол сізді жетектеп жүруге жарамайды. Папама сенбеңіз. Адасып кетесіздер.

А й ж а н. Қарашы мынаның жаман шалдың жыртысын жыртып тұрғанын.

М ұ р а т. Папам үйге қандай автобустардың келетінін білмейді.

А й ж а н. Ботам-ай, қағаздан басы айналады екен ғой. Ең болмаса жылына бір рет барып, Нұрбекжанның амандығын да біліп қайтпайды мына алжыған. Жол білсем барып тұрмас па едім.

Ә л и. “Сұрай-сұрай Мекеге де барасың” депті бір қазақ. Қарға адым жердегі Алматыны таппай не көрініпті саған.

А й ж а н. Сорыңды қайнатып кетіп қалайын ба осы?!

Ә л и. Ішің пысып жүр ғой, бара ғой. Көңіл көтеріп қайтасың.

Кемпір етегіндегі шөмішекті шашып жібереді.

М ү р а т. Орныңызға басқа адамды қалдырып кетіңіз, әже. Мен тамақ жасай алмаймын.

А й ж а н. Не дейді ей мынау?

М ү р а т. Алаңдамай дем алуыңызға жақсы, әже. Әйтпесе бізді ойлап, ертең-ақ шауып келесіз.

А й ж а н. Келмеймін!

(Үйге кіріп кетеді.)

Ә л и. Әжеңнің бір қайнап басылатын мінезі бар. Анда-санда бұрқылдап сөйлеп алмаса іші пысып кетеді. Ерігіп отырғанда бұл да жақсы. Кейде әдейі түртпектеймін.

М ү р а т. Неге, ата?

Ә л и. Бірімізді-біріміз ермек етеміз де, құлыным. Тірі адам жоқтан бар іздейді. Е-е, жастық шақ қайта айналып келмес енді. *(Тұрып барып, самаурынға ағаш салады.)* Әкешешен маза беруді қойды. Әншейінде ат ізін салмайтын басқарма да мазасыз болып кетті.

М ү р а т. Папам телефон соғып, маза бермейтін шығар.

Ә л и. Сені біз жібермей отырғандай көреді. Жаман әкеңнің екпіні қатты әйтеуір. Басқарма балаға обал бәрінен бұрын.

М ү р а т. Анау күні маған “менің машинамен Алматыға барып кел” дейді. Мені бес-алты жасар бала сияқты алдайды.

Ә л и. Балалары кішкентай-ау, сірә. *(Пауза.)*

М ү р а т. Папамның неге мазасызданып жүргеніне түсінбеймін. Анау жылы Артекке барғанда бір-ақ рет хат алып едім.

Ә л и. Бір ойлағаны бар да, құлыным. *(Пауза.)* Е-е, өтіп бара жатқан өмір...

(Бәйтеректің түбіне барып отырып, темекі тұтатады. Айжан шығады. Бар жақсысын киіп алған. Көтерген жүгі бар.)

А й ж а н. Кете алмайды деп пе едің? Ал ендеше!..

Ә л и. Көрпе-жастығынды бірге ала кетсеңші.

А й ж а н. Қу тізенді құшақта да қал, алжыған!

Ә л и. Алысқа ұзама, бөйбіше. Жүгің ауыр көрінеді, қайтып жете алмай қалып жүрерсің.

А й ж а н. Осыдан қайтып келсем бе...

М ұ р а т. Охо! Әжем маған тартыпты.

Ә л и. Әжең саған тартпай орта жолдан қайтып келе ме деп қорқамын.

А й ж а н. Келмеймін!... (Мұратқа.) Жүре ғой, шыбыным. Киіміңді киіп шық. Ағаш ұшпаққа шығарса, бұл алжыған қалсын.

М ұ р а т. Жолыңыз болсын, әже. Ұмытпай хат жазып тұрыңыз.

А й ж а н (кемсендеп.) Жарығым-ау! (Отыра кетеді.)

Ә л и. Айнып қалдың-ау деймін, бәйбіше.

А й ж а н. Жо-оқ, кетемін!..

Ә л и. Балаға сөлем айт. Басқарманы шаршата бермесін. (Айжан кетеді.) Алысқа ұзай қоймас.

(Самаурынды алып, ішке кіріп кетеді. Мұрат күліп, мольбертіне келеді. Сахнаға 14–15-тер шамасындағы қыз шығады.)

М ұ р а т. О-о! Тамаша!

М а р ж а н (қысылып.) Сәлеметсіз бе?

М ұ р а т (қыздың алды-артына шығып.) Сені мұнда Құлай жіберген шығар, ә?! Атың кім? Гуля боларсың мықтаса. Ал, Гуля, танысып қоялық. Іздеп келген Мұрат деген мықтың мен боламын.

М а р ж а н (мырс етіп). Мен сізді іздеген жоқпын.

М ұ р а т. Жә, өтірік айтпа! Бүгіннен бастап сенің натуранды саламын. Келістік қой, ә. Әкел қолыңды! Давай, давай!

М а р ж а н. Қойыңызшы!

М ұ р а т. Уақытым жоқ.

М а р ж а н. Сізді кім ұстап тұр екен. Бара беріңіз.

Мұрат (дауысын қатайтып). Гуля!

М а р ж а н. Қызықсыз ғой өзіңіз. Гуляңызға айқайлаңыз. мен басқамын.

М ұ р а т. Гуля!

М а р ж а н. Ондай ат болмайды.

М ұ р а т. Ха-ха-ха-ха! Гүлнұр, Гүлжан, Гүлбану, Гүлжамал, Гүлназ, Гүлзия, Гүлбүбі, Гүлжұпар есімді қыздардың барлығы дауым-дауыма Гуля болып кеткен. Ал сен аспаннан түскендей сөйлейсің.

М а р ж а н. Сіздің де есіміңіз өзгеріп пе еді?

М ұ р а т. Жок, мен жігітпін. Жігіттер патриот болуға тиіс. Өзің қай класта оқисың?

М а р ж а н. Апам қайда?

М ұ р а т. Атың кім?

М а р ж а н. Апам үйде ме?

М ұ р а т. Айтпаймын.

М а р ж а н. Неге?

М ұ р а т. Сен алдымен атыңды айт. *(Қыз үйге беттейді, бала алдын боғейді.)* Ешқайда да жібермеймін.

М а р ж а н. Жібер!

М ұ р а т. Жібере алмаймын, қақым жоқ.

М а р ж а н. Қызық екенсіз өзіңіз.

М ұ р а т. Сен менің жігіттік намысымды аяқ асты еттің.

М а р ж а н *(күліп)*. Мен сізге не қылдым?

М ұ р а т. Өтірік айтасың. Күлкің де өтірік. Әйелдердің барлығы өтірікке сендей кезінен бастап мамандана бастайды. Отызға келген соң олардың барлығы қулықтың академигі болып алады. Папам осылай дейді.

М а р ж а н. Папаңыз қателеседі.

М ұ р а т. Оның қателеспейтінін дәлелдеймін. *(Маржанға жақындап.)* Ал кәне, өтірік күл! Сонан соң өтірік жыла!

М а р ж а н. Хе! Неге жылаймын? Жыламаймын!

М ұ р а т. Жы-ла-а!

М а р ж а н *(кемсеңдеп)*. Жыламаймын! Жолымнан былай түр!

М ұ р а т. Тұрмаймын! *(Көпірдің аузына көлденең түсіп жатып алады.)* Мықты болсаң аттап кет.

М а р ж а н. Жынды ғой деймін мына бала.

М ұ р а т. Иә, соған ұксас бірдемемін.

М а р ж а н. Апама айтамын.

М ұ р а т. Соған қарағанда апаңның мінезі жаман болды ғой. Менің бір жаман жерім — кемпірлерден қорықпаймын.

М а р ж а н *(шыңғырып)*. Ап-а!

(Мұрат орнынан атып тұрады. Маржан қаша жөнеледі.)

М ұ р а т. Әй, тоқта! *(Соңынан кетеді. Үйден Әли шығады.)*

Ә л и. Бұл қайсысы шыңғырып жүрген? Жаңағы бала қайда кетіп қалды? Мұрат! *(Пауза. Алыстан қыздың дауысы естіледі.)* Ә-ә, Маржанды тауып алған екен ғой. *(Аспанға қарап.)* Құдайдың күні жауайын деп тұр ма? Әлгі кемпір жаңбырдың астында қалмаса жарар еді. *(Ер-тоқымды үйге*

алып кіріп, көп ұзамай қайта шығады.) Ол кемпір қай жерде отыр екен, а? (Жағын сипалап Мұрат келеді.) Не болды? Тісің ауырды ма?

М ұ р а т. Жок, жүрегім ауырды. Ой, ой, жүрегім!

Ә л и. Ой, атаңның аузын!.. Үрейімді алдың ғой.

М ұ р а т. Ата, анау жердегі үй кімдікі?

Ә л и. Қожабек деген омарташы тұрады.

М ұ р а т. Қызы бар ғой, ә.

Ә л и. Иә, бар.

М ұ р а т. Қолы қатты екен.

Ә л и. Немене Маржан екеуің төбелесіп қалдыңдар ма?

М ұ р а т. Таяқ жеп қалдым.

Ә л и. Әй, тентек!

М ұ р а т. Мен де оған есемді жібермеспін. Енді осында келіп көрсінші.

Ә л и. Қой, Мұратжан. Қыз баланың көңілін қалдыруға болмайды.

М ұ р а т. Сондай заң бар ма?

Ә л и. Иә, құлыным. Заңнан да күшті салт бар. Ол салтты қыздың қадырын білетін жасқа жеткенде өзің-ақ түсінесің.

М ұ р а т (қуланып). Ол жасқа қашан жетемін, ата?

Ә л и. Жігіт болған күні. (Аспанға қарап.) Жанбыр Жабырға қарай кетті. Әжең қай жерде отыр екен, ә? Әй, ақылсыз. қарап отырып жұмыс тауып алғанын қарашы.

(Бәйтеректің ығына отырып, темекі орайды.)

М ұ р а т. Ата, мына бәйтерек неге жалғыз, а? (Пауза.)

Ә л и. Ол бір ұзақ әңгіме, Мұратжан (Пауза.) Ерте, ерте заманда осы өзеннің бойына Еркін деген жалғыз басты қарт келіп қоныстаныпты. Бұл сайғақ болар бір шыбық жоқ жалаңаш өңір екен. Ол сонау Алатаудың баурайынан көшет әкеліп отырғыза бастайды. Ағаш біткен гүл жарып, өсе бастаған кезде хунхуздардың мың сан қолы осында келіп, шатыр тігіпті. Еркін қарттың шырылдағанына қарамай ағаш біткенді отап тастапты. Қарт жылап-еңіреп хунхуздардың қолбасшысына барған екен дейді. Арызын айтыпты.

М ұ р а т. Қазақ тілінде ме?

Ә л и. Хунхуздардың қай тілде сөйлегенін мен қайдан білейін, құлыным. (Пауза.) Содан хунхуздардың қолбасшысы Еркін қартты мың сан әскерінің алдына алып келіп: “Мынау

қаңғыбас құлазыған өңірге ағаш отырғызып, осынау даланың сәнін бұзған қылмыскер. Нулы жерге ел үйір. Сол елдің күні ертең біздің ата жауымызға айналарына күмәнім жоқ“, дейді. Еркін қарт шыдай алмай кетіп, оның зұлымдығын бетіне басады. Ашынған қолбасы: “Бізге қарсылықты қарумен жасайтындар қауыпты емес, оларды менің ержүрек сарбаздарым тас-талқан етеді. Мен мынау сияқты тіліне сенген дұшпандарымнан қорқамын. Мұндайлардың барлығының тілін кесу керек. Тілі жоқ жаудың жарасы жеңіл. Олар тілі бардың аузына қарайды. Адамның ең күшті қаруы – тіл“, дейді. Сөйтіп қатыгез қолбасының бұйрығы орындалады. Сол сойқаннан жалғыз шыбық аман қалыпты дейді.

М ұ р а т. Папам “неғұрлым қатал адам соғұрлым сыйлы“ дегенді жиі айтады.

(Пауза.)

Ә л и. Біздің елдің “үндемес“ аталуы содан дейді. Е-е, құлыным үндемеуге үйрендік қой бәріміз.

М ұ р а т (күліп.) Қорқақтар әрине үндемейді.

Ә л и. “Үндемес“ руының талай-талай батыры болған. Олар ешкімнен қорықпаған. Ешкімге бас иеген.

М ұ р а т. Бас иеген? Егер олар шынында да батыр болса, ну допустим, Спартак, Александр Невский, Степан Разин... сияқты батыр болса, олар туралы неге кітап жоқ?

Ә л и. Неге жоқ болсын, бар.

М ұ р а т. Ал олардың ескерткіштері ше? Немесе мынау далада, Рим, Мысыр, Прага, Париж сияқты ескі қалалар неге жоқ?

Ә л и. Болған ондай қалалар, болған...

М ұ р а т. Олар сіз айтқандай батыр болса сол қалаларды неге қорғап қалмаған?

Ә л и. Е-е, мені қайбір білгіш дейсің. Елім деп еңіреген марқасқалар бұл даладан да көп шыққан. (Пауза.) Ерте, ерте, ертеде Қобыланды, Алпамыс, Ер Қосай, Қамбар деген батырлары болған бұл елдің.

М ұ р а т. Жоқ, бұл ертегі.

Ә л и. Кешегің де ертегі. Батырларың да ертегі... (Пауза.) Біле білсең кешегі өткен Қобланды мен Алпамыстың ұрпағына қалдырған мына бәйтерек сынды мұралары көп.

(Пауза.)

М ұ р а т. Прагадағы биік төбенің үстінде Ян Жишканың үлкен ескерткіші тұр. Қаланың қай тұсынан қарасаң да бірден көзге түседі.

Ә л и. Олар барының бағасын білетін ел де, Мұратжан.

М ұ р а т. Алматыға, Көктөбенің үстіне Қобландыға сондай ескерткіш орнатса қандай жарасар еді.

Ә л и. Қазіргілер өлісі емес, тірісін де ұмытып кетеді. *(Пауза.)*

М ұ р а т. Ата, мынау қаптаған қалың ағашты кім отырғызған?

Ә л и. Оларды өзің сияқты Еркін бабаңның ұрпақтары отырғызған.

М ұ р а т. Онда мен де қарызымнан құтылып қалайын. *(Бір көшетті тандап алып, атасы екеуі бәйтеректің жанына отырғызады.)*

Ә л и. Сен отырғызған шыбық та мынау бәйтеректеіі биіктеп өссін. Еркін бабаңның өзіне тартып туған ұрпағы сен боларсың, бәлкім. *(Пауза.)* Басқамыз кара бастың қамын ойлап, ұсақтап кеттік, білем. Е-е, амал не... *(Пауза.)* Озбайтын заман, тозбайтын адам жоқ. Ескірмейтін, ескерусіз қалмайтын не бар екен бұл дүниеде? Кешегі шындығың бүгін өзіңе сын.

М ұ р а т. Бабалар алдындағы парызымнан құтылдым.

Ә л и. Парызың мұнымен ғана өтелмейді, Мұратжан.

М ұ р а т. Енді не істеуім керек?

Ә л и. Елің сүйген ер болсаң ғана құтыларсың ол парыздан. *(Ойланып.)* Нағыз азамат, нағыз адамдар ғана ата-бабасына борышкер емес.

М ұ р а т *(күліп)*. Сонда сіз де, әжем де, папам мен мамам да нағыз адам емес пе?

Ә л и. Өз басым сан рет шалыс басып, сан мәрте пендешілік жасадым. Амал не, соның бәрі мәжбүрліктен туады екен ғой. Қараулық жанбағыстың қаруына айналған заман да болған.

М ұ р а т. Ах-х, білдім! Ал мен... Мен нағыз адаммын! Қара басым үшін ешкімге қиянат жасаған жоқпын. Бүгін әлгі қыздан бекерден-бекер таяқ жедім. Только пострадавшие могут быть настоящими людьми. Мен нағыз, нағыз адам болу үшін күн сайын Маржаннан шапалақ жеп тұрамын.

Ә л и. Ол араша берер заман ба еді? Қара басының саулығы үшін кімді кім қараламады дейсің... Арты өкініш, алды үміт алдамшы өмір-ай!

(Пауза.)

М ұ р а т. Ата, анау төбешік немене, а? Біреудің моласы ғой, сірә.

Ә л и. Кешегі азамат соғысында бұл жерде үлкен қақтығыс болған. Алпыс жыл көзді ашып-жұмғанша өте шықты.

М ұ р а т. Бұл қызыләскердің бейіті ме?

Ә л и. Қайдан білейін, құлыным. *(Пауза.)* Кім болса да адамның бейіті ғой деп қоршап қойдым. Талай-талай асыл азамат мерт болды ғой. *(Ойланып отырып қалды.)* Бұл дала бірақ айбынын сақтап қалды. Ол тек асыл азаматтарын ғана жоғалтты.

М ұ р а т. Жо-қ, ата! Батырлар ешқашан өлмейді. Өзіңіз айтқандай олар ертегіге айналады. Ертегі... *(Пауза.)* Бұл белгісіз батыр!

(Машина дауысы естіледі. Көп ұзамай сахнаға комбинзон киген жігіт шығады.)

А с а н. Ассалаумағалейкүм, қария!

Ә л и. Әликісалам. Жоғары шық.

А с а н. Әй, мынау қай мықты ей?

Ә л и. Немерем.

А с а н. Е-е, Нұрбектің күшігі болды ғой. Ол кішкене кезінде осы сияқты ап-арық бірдеме еді. Сойып қаптап қойғандай. Әй, бері кел! *(Мұрат жанына келеді.)* Әй, күшің бар ма ей?

М ұ р а т. Күресейін деп пе едіңіз, аға?

А с а н. Тілін қарашы! Әй, күшік! Мені білесін бе ей? Жаман әкең айтпаған ғой. Сондайы бар оның. Мен Асан деген көкең боламын. Әкеңмен үш жыл бірге оқығанмын.

Ә л и. Шаруанды айта отыр.

А с а н. *(Мұратқа.)* Әй, стакан алып шық. *(Қалтасынан бөтелке шығарады.)* “Құрғақ қасық ауыз жыртады” дейді. *(Мұрат стакан әкеледі.)* Мынадан бірді алып жіберіңіз.

Ә л и. Рақмет! Өзің ала бер.

А с а н. Қария, кішкене алыңыз енді. Сізге арнап алған бөтелкем еді. Қария! Ту-у, сіз де осы... Алыңызшы енді!..

Ә л и. Ой, қой әрі! Аузыма құямысың, қызталақ? Ия, не шаруамен келдің?

А с а н. Мен алайын онда. (*Iuedi.*) “Пшеничный” деген аты болмаса, көк араққа жетпейді. Самогон ішіп көрдіңіз бе? Ой, арақтың патшасы!

Ә л и. Негізгі шаруанды ұмытып кетіп жүрме.

А с а н. Жок, ұмытпаймын. Жас мамандарға арнап үй салып жатымыз ғой, білесіз.

Ә л и. Иә.

А с а н. Соның біреуінің төбесін жабуға белағаш жетпей қалды.

Ә л и. Менің жілігімнен белағаш жасамақшымысыңдар?

А с а н. Рұқсат болса, мынадан тағы біреуін... Күн ыстық. Су шөл баспайды екен. Алысқа баратын уақыт болмай өзіңізге келдік. Түсінесіз ғой, қария. Жас мамандарға қамқорлық жасау – бірінші өшіреттегі міндет. Өкіметтің қаулысы бар. Қаулыға ешкім қарсы тұра алмайды.

Ә л и. Тоқ етерін айтшы, шырақ.

А с а н. Ту-у, жау қуып келе жатқандай асығатыныңыз-ай сіздің. (*Мұратқа.*) Әй, күшік! Сойып қаптап қойғандай. Мынаған қалайсың?

М ұ р а т. Мен көк арақтан басқасын іше алмаймын.

А с а н. Жаман көкең аман болса көк арақты да, коньякті де жәшік-жәшігімен әкеліп тастайды. (*Шалға жақындап отырып.*) Өзіңіз білесіз, мен бірнеше жылдан бері Боқаевпен социалистік жарысқа түсіп жүрген кісімін. Биыл соның қорытындысы шықпақ. Құдай бұйырса, бірнәрсе алып қалармыз. Сондықтан екі-үш күнде әлгі үйдің төбесін жауып, суырылып алға шығуым керек.

Ә л и. Енді менен не көмек керек?

А с а н. Маған белағаштық бөрене керек. Мен десеңіз мына бәйтеректі беріңіз. Өзіңіз білесіз социалистік жарыс деген...

Әли (*сөзін бөліп*). Бәйтеректі бере алмаймын!

А с а н. Неге?

М ұ р а т. Ол ата-бабамыздың бізге қалдырып кеткен мұрасы.

А с а н. Мұрасы? (*Күліп.*) Мұраға құраған қу ағашты қалдырған ол да бір жарымес екен.

Ә л и. Тарт тілінді!

А с а н. Қария, сақалыңызды сыйлап, арағымды алып, рұқсат сұрап келіп отырмын. Түсініңіз.

Ә л и. Бере алмаймын!

А с а н. Бәйтеректі рұқсатсыз кесіп әкетуге қақым бар. Өзіңіз білесіз, жас мамандарға қамқорлық жасау туралы заң бар.

М ү р а т. Тарихи ескерткіштерді қорғау туралы заңға Ленин қол қойған. Бәйтеректі кеспейсіз.

А с а н. Әй, тақылдамай жоғал әрі! Заңды біз де білеміз. Ал, қария, ақырын айтқанды түсініңіз. *(Пауза.)* Маймақ, араны әкел!

М ү р а т. Кестірмеймін! *(Бәйтеректің түбіне барып тұрады.)*

А с а н. Мынаны қарай гөр ей! Сен Асан көкеңнің кім екенін білмей жүр екенсің. Асан Ағабаевты бүкіл аудан біледі. Былай тұр жолымнан! Таптап кетемін!

Ә ли *(күрегін алып)*. Әй, тиіспе балаға! *(Сахнаға мұртты жігіт шығады.)*

А с а н. Намысымды аяққа басты-ау мыналар! Әй, сендерді ме!

(Мұртты жігіт оны ұстайды.)

М ұ р т т ы ж і г і т. Қой, Асеке! Ағатай, қойшы енді!

А с а н. Бәрібір құртамын! Өртеп кетемін!

Ә л и. Нәлет! Кестіретмін мен саған! Енді келіп көрші, басыңды қақ айырайын. *(Асанды алып кетеді. Пауза.)* Бұл жұрт бір күндік уайымның құлақ кесті құлына айналып барады.

М ү р а т. Папама хат жазайық. Ол айтса бәйтерекке ешкім де тиіспейді.

Ә л и. Е-е!.. *(Пауза. Сахнаға кемпір шығады. Шаршаған. Отырады.)*

М ү р а т. Ура! Әжем келді, базарлық әкелді!

А й ж а н. Ух, өкпем өшіп, әрең жеттім.

Ә л и. Тез қайттың ғой, бәйбіше. Балалар аман-есен бе екен?

А й ж а н. Әй, кетші әрі! Екі саным салдырап... белім ұйып... Ух! Құдайдың күні де ысып кетті ғой.

Ә л и. Ашуыңның тез қайтқаны жақсы болды. Әйтпесе осы күні орта жолда келе жатар ма едің, кім білсін. *(Кетеді.)*

Айжан (*Мұратты қушақтан*). Құдай бар болсаң жалғыз сүйенішімді жебеп, желей гөр!

М ұ р а т. Әже, қайда барып келдің?

А й ж а н. Қайда барушы едім, ботам. Орманның шетіне шығып, отырып-отырып келдім.

М ұ р а т. Әже!

А й ж а н. Ау, ботам!

М ұ р а т. Сен атамды әлі сүйесің бе?

А й ж а н. Тпэй-тпэй, құрып қалсын! Бетіне қарасам жүрегім айныйды. Ой-бо-й, белім! (*Орнынан тұрып, үйге кіреді. Осы кезде бейіттің жанына Маржан келеді.*)

М ұ р а т. А-а, қолға түстің бе? (*Қыздың жанына келеді.*) Привет! (*Пауза. Жас жұбайлар әннің бір шумағын айтады.*) Мен мына төбешіктің астында жатқан адамның аты-жөнін білемін. (*Маржан оған қарап, бір сәт үнсіз қалады.*) Сенің кім екеніңді де білемін. Бәрі маңдайыңда жазулы тұр. (*Жақындап келіп.*) Мар-р-жа-н. М а р ж а н. Қ-ож-а-б-б-с-к-о-в-а. Маржан Қожабсекова болып шықтың. (*Пауза.*) Мен алақанға қарап, бал аша білемін. Және айтқаным әрқашан тура келеді.

М а р ж а н. Өтірік!

М ұ р а т. Сенбейсің бе? Кәне, әкел қолыңды!

М а р ж а н. Керегі жоқ. Өзіңе аша бер балыңды.

М ұ р а т. Жақсы. Менің алақанымға қара. Не кордің?

М а р ж а н. Ештеңе де.

М ұ р а т. Өйткені сен балгер емессің. (*Алақанына қарап сөйлейді.*) Менің өмірім шым-шытырық оқиғаларға толы екен. Талай-талай қиыншылықтарға кезігемін. Әке-шешем іздеп келіп, алып кетпекші болады. Мен бірақ конбеймін. Сөйтін жүріп бір қызға ғашық боламын. Ал ол мені жек көреді. Мен намыстанамын да өзіме өзім пышақ саламын. Мені мынау жерге жерлейді.

М а р ж а н. Өтірік!

М ұ р а т. Ал енді саған бал ашып көрейік.

М а р ж а н. Керегі жоқ. Кетші ары! Жынды ғой деймін мына бала.

М ұ р а т. Бол, уақытым жоқ, әкел қолыңды!

М а р ж а н. Кете бер, сені кім ұстап тұр екен?!

М ұ р а т. Бал ашқызбайсың ба?

М а р ж а н. Жоқ!

М ұ р а т. Ондай болса кетіп қаламын.

М а р ж а н. Кете бер.

М ұ р а т. Шының ба? *(Пауза.)* Ал кеттім! *(Ұзап барып, қайтып келеді.)* Мен саған сдача беруге келдім. *(Жақындайды.)* Мана неге ұрасың?

М а р ж а н. Ұрамын, ал қайтесің?

М ұ р а т. Кешірім сұра!

М а р ж а н. Сұрамаймын! Ары жүр, апама айтамын. *(Дауыстан.)* Апа деймін, мына біреу баланы қарашы.

М ұ р а т. Мен Құдайдан өзге ешкімнен қорықпаймын. Кешірім сұрайсың ба?

М а р ж а н. Жақындама!

М ұ р а т. Бетіңнен сүйемін! А-а, қолға түстің бе? Мен қасқырмын, сені жеймін. А-а-у-у!

М а р ж а н. А-п-а!

(Шелекті лақтырады. Шелек Мұраттың басына тиеді.)

М ұ р а т. А-а-а! *(Қулап түсіп, өлген адам құсап жатып алады.)*

М а р ж а н. Әй!.. *(Пауза.)* Қуланба! Әй, бала! *(Жағасынан ұстап жұлқылайды.)* Түр орныңнан! *(Кемсеңдеп.)* Әй, бала! *(Котеріп тұрғызбақшы болып, мойнынан құшақтайды. Мұрат бетінен сүйіп алады.)*

М ұ р а т. Есеп – бірде бір!

М а р ж а н. Ұятсыз, оңбаған!

М ұ р а т. Үлкендердің барлығы ұятсыз, оңбаған болды ма сонда?

М а р ж а н. Сөйлеспеймін сенімен.

М ұ р а т. Кел татуласайық. *(Қолын Маржан қағып жібереді.)* Ондай болса тағы сүйіп аламын.

(Ұмтылады. Маржан кеудесінен итеріп-итеріп жібереді. Сахнаға Қожабек шығады. Аңтарылып қалады.)

М а р ж а н. Жынды! Кетші әрі!

Қ о ж а б е к. Әй! *(Пауза, жақындайды.)* Ой, әкеңнің! Мынау жүлік қой ей өзі. Әкеңді танытып, көзіңді көкшитіп жіберейін бе осы, а?! Сен кімді басынасың ей, а?! Мен сендей жүліктің талайын көргем. Қарашы ей мұны тапайдың тал түсінде...

М ұ р а т. Мен не бүлдіріппін?

Қ о ж а б е к. Қарашы әне! Бұлар өліп бара жатса да мойындамайды. *(Қызына.)* Сен неғып жүрсің мұнда?

М ұ р а т. Ойнап жүрміз, аға.

Қ о ж а б е к. Ойнап? Ойнатамын мен сені! Әй, бері келші өзің. (*Мұрат жақындайды.*) Кімнің баласысың, ей?

М ұ р а т. Мен... Мен... (*Ойланып.*) Мен жетіммін, аға. Детдомда өстім. Қыс түскенше сіздің үйде болайыншы, ағатай.

Қ о ж а б е к. Әй, не танып тұрсың? Немене мен сенің нағашың ба едім? Жөніңді тап, өз балаларымды әрең асырап отырмын.

М ұ р а т. Ағатай!

Қ о ж а б е к. Кетесің бе ей, жоқ па? Қарай гөр ей өзінің пысығын. (*Маржанға.*) Үйге бар! Күтім өлілерге емес, тірілерге керек. (*Мұратқа.*) Әй, сен де ерте жарықта барар жеріңе жетіп ал.

М ұ р а т. Ағатай!

Қ о ж а б е к. Ту-у, мынау кеше екен-ау өзі бір. (*Маржанға.*) Детдомның балаларынан алыс жүр деп қашанғы айтамын мен саған! Әке-шешесі бар бала құрып қалып па? Бар үйге! (*Маржан кетеді. Мұрат қыздың соңынан жүреді. Қожабек жолын кеседі.*) Әй, жол мына жақта. Былай, былай... Бұдан кейін көзіме түспейтін бол. Терінді тірідей сыпырып аламын.

М ұ р а т. Менің терімнен тон тігіп кимексіз ғой шамасы. (*Кетеді.*)

Қ о ж а б е к. Тілінің ащысын қарай гөр ей. Ой, жүлік! (*Аяңдап Әлидің үйіне беттейді.*) Қысқа дейін дейді... Шалқасынан түсіп, шалжиып жатпақ қой. (*Кіжініп.*) Жатқызармын мен сені!

Үйден самаурын көтеріп Айжан шығады. Қолында домбырасы бар Әли келеді.

Қ о ж а б е к. Ассалаумағалейкөм!

Ә л и. Әлікісалам!

А й ж а н. Мұнда келмеуші едің. Бал арасын жоғалтып, іздеп келгеннен саумысың, қайным.

Қ о ж а б е к. Менің араларым күндіз серуендеп, кешке қайтып келеді.

А й ж а н. Е-е, сондайы бар ма еді?

Ә л и. Басқарма баламен тіл табыстың ба?

Қ о ж а б е к. Ой, Әлеке-ай, менің тілімді түсінетін жан қалды ма?

А й ж а н. Тағы да жолың болмады ма?

Қ о ж а б е к. Болмады ғой, жеңеше. Анау күні осында келгенде жылы сөйлеп емексіткенге екі өкпемді қолыма алып жетсем... *(Пауза.)* Ұмытып қалыпты. Тіпті танымай қойды ғой. Әй, әкеңнің!..

Ә л и. Танымады деймісің?

Қ о ж а б е к. “Шырағым бәлен жылдан бері осы колхоздың мүшесімін. Жасым елудің тоғызына келді“, деп бастай беріп едім, “тоқ етерін айт“, деп дүңк ете қалды. Көзі жаман екен кәпірдің. Құтырған иттің көзіндей қып-қызыл. Сөзімнен жаңылдым да қалдым. Содан не керек, өлгенде әрең жағдайымды айтып шықтым-ау.

А й ж а н. Сөзіңнен жаңылып, саған не көрінді сонша?

Қ о ж а б е к. Басыңызға түспеген соң білмейсіз ғой, жеңеше.

Ә л и. Көмектесетін болды ма?

Қ о ж а б е к. Ақырып-бақырып қуып шықты. Өзі нервін бәле екен. “Тоқал сиыр мүйіз сұрай барып, көзін шығарып қайтыпты“, деген осы. Әй, әкеңнің!.. Ендігі ісім сенімен болсын, бәлем. Қожабекті хат білмейтін кеше деп жүрген шығарсың.

Ә л и. Сен де шаршамайды екенсің.

Қ о ж а б е к. Қарап жатып өлеміз бе енді?! *(Пауза.)* Адамды өздері ашындырады. Әйтпесе тыныш жүрмей жыным бар ма. Кубас болсам бір жөн. Шиеттей балалар болған соң қысылмай, қыжалат тартпай тұрмайсың. Осындайда ептеп жәрдем берсе... Мен де адаммын ғой, Әлеке. Ешкімге жамандығым жоқ.

А й ж а н. Неден таршылық көріп жүрсің осы сен? Шелек-шелек бал аласың.

Қ о ж а б е к. Балды бір қасығын қалдырмай сыпырып алып кетеді.

Ә л и. Колхозшыларға еңбеккүнге беретін шығар.

Қ о ж а б е к *(күліп.)* Ой, Әлеке-ай! Кейде баланың сөзін айтып кетесіз осы. Тәттінің дәмін алмаған колхозшыңыз балды тегін берсе де алмайды. Сіз білмейсіз, ал мен бәрін білем.

Ә л и. Айналысып жүрген шаруаң болған соң білесің ғой. Иә, айта бер.

Қ о ж а б е к. Айтсам, сізге өтірік, маған шын, бал дегеніңіз пләк-пләк болып кетіп жатыр. Жаксы ат басқарма балаға келіп жатыр. Ал азабын көріп жүрген мені біреуі де аузына алмайды. Менің балымның арқасында талайдың жұлдызы жанды ғой, Әлеке-ау. Жоғарғы жақта мықты сүйеуі болса Қожабегіңіз әлдеқашан герой болмаса да соған таяп қалып, таяп қалып, кердендеп жүрер еді. (*Күйініп.*) Әй, әкеңнің!.. Ең болмаса сыйлыққа деп бес-он сом артық ақша да бермейді-ау.

Ә л и (*мырс етіп*). Олар да бірдеме білетін шығар.

Қ о ж а б е к. Бәрі шетінен миғұла!

Ә л и. Е-е-е, (*баяу әндепін*) дүние өтер кетер бір күн болмай...

Қ о ж а б е к. Өтпегенде несі қалды? Жас болса алпысқа келді. Ең болмаса сөлкебай да жоқ. Балалардан ұят екен.

Ә л и. Е-е, бұл күнде жұрт кеудене қарайтын болды ғой.

Қ о ж а б е к. Тіпті сонысының да керегі жоқ. Еңбегіңіз бар ғой деп, елеп-ескеріп, ептеп көмек беріп тұрса құлдық демеймін бе.

А й ж а н. Қойшы әрі, қара аспанды төндірмей! Заман тыныш, дүние кең. Бұдан артық не керек енді саған?

Қ о ж а б е к. Әй, жеңеше-ай! Қиын кез болса “көппен көрген ұлы той” деп жарым құрсақты жоқпен жұбатып жүре берер едік. Заманның тынышында шалқымағанда қашан шалқимыз?

А й ж а н. Жоқтан басқа аузыңнан сөз шықпайды. Үйіңнен шелек көтерген кісі арылмайды.

Қ о ж а б е к (*шамданып*). Келсе несі бар? Менің үйім мола емес қой.

Ә л и (*әндепін*). Дүние өтер кетер бір күн болмай...

Қ о ж а б е к. Маған да тіршілік керек. Дөкей болмағаным үшін кінәлі емеспін.

А й ж а н. Жә, болды енді! Сонша шамданатындай не бүлінді?

Қ о ж а б е к. Көрші отырып сіз күндейсіз. Басқалардың жаны қалай шығып кетпей жүр екен?

А й ж а н. Әй, қарағым, не деп отырсың? Сені қашан күндедім?

Ә л и. Жә! Қойыңдар енді! *(Домбырасын сүйеп, шай ішеді.)*
Биыл түсім қалай?

Қ о ж а б е к. Бәрібір жақсы ат жоқ. Азабын көретін мен, алғысын алатын біреу. Нұрбекжан келсе бәрін айтамын. Түгін қалдырмай жазып қойдым. Нұрбекжанның қолына ұстатамын.

А й ж а н. Нұрбек дейді? Ол қашан келеді екен?

Қ о ж а б е к. Бүгін-ертең келіп қалатын шығар. Колхоз қарсы алуға дайындалып жатыр.

А й ж а н. Ботам-ай! Түнде түсіме кіріп жүр еді.

Қ о ж а б е к. Жаңа басқармада ес жоқ.

Ә л и. Біздің баланың қоңырауы көбейіп кеткен шығар.

Қ о ж а б е к. Сол керек! Бізге келгенде Құдайдай шіренеді.

Ә л и. Бұлар да көргенін істейді де... *(Пауза.)*

Қ о ж а б е к *(орнынан тұрып)*. Мен қайтайын. Жеңеше, келіп бал алып кетсеңізші.

Ә л и *(мырс күліп)*. Балыңның тәуірін Нұрбекке сақта, Қожабек. Біздің бала да тәттінің дәміне тамсанып үйреніп қалды-ау, білем. *(Қожабек күледі. Әли домбырасын алып, тыңқылдатып шерте бастайды. Қожабек кетеді. Айжан дастарханды жинап алады.)* Дүние өтер, кетер бір күн болмай...

(Әли орманға кіріп кетеді. Сахнаға Мұрат пен Маржан шығады.)

М ұ р а т. Кетпеймін дедім ғой, кетпеймін.

М а р ж а н. Ал мектепті қайтесің?

М ұ р а т. Менің суретші болғым келеді. Ал папам мен мамам қарсы. Үлкен адамдардың барлығы политехникалық институтты бітірген дейді.

М а р ж а н *(күліп)*. Үлкен адамдар? Сонда Суриков, Репин, Қастеевтер кіп-кішкентай кісілер болды ғой.

М ұ р а т. Суретшілер училищесіне барайын деп едім, жібермеді. Ызалаңдым да кетіп қалдым.

М а р ж а н. Қайда жүргеніңді олар біле ме?

М ұ р а т. Хатпен бомбалап жатыр. *(Пауза.)* Ал сенің кім болғың келеді?

М а р ж а н *(күліп)*. Журналист болуды армандаймын. *(Пауза.)* Шіркін-ай, қарапайым адамдар туралы кітап жазса.

М ұ р а т *(күліп)*. Америка материгіндегі үнділердің не

себебі жоғалып кеткенін білесің бе? Себебі олар үнді болып тіршілік ете алмайтынын білген.

М а р ж а н. Мұнымен не айтқың келді?

М ұ р а т. Қарапайым адамдар мен сол үнділердің тіршілігі ұқсас.

М а р ж а н. Ал Әли атам ше? Айжан апам ше? *(Пауза.)* Ол кісі туралы облыстық, республикалық газеттер түгілі аудандық газетке екі жол хабар шыққан жоқ.

М ұ р а т *(күліп)*. Журналистер тоқсандық, жылдық тапсырмасын орындағандарды ғана көреді.

М а р ж а н. Әли атам болмаса мынау орман әлдеқашан тозып кетер еді. Егер қолымда тұрса ол кісіге Еңбек Ерінің жұлдызын берер едім. *(Пауза.)* Үлкен ерлік жасағандарды дәріптеу дұрыс қой. Ал ерлігі бар, өрлігі жоқтар неге көзге ілінбейді? Бұл заманда ар алдында адал болудан өткен ерлік бар ма?

М ұ р а т *(күліп)*. Мені де ұмытпа. Ондай жұлдыз маған да керек. Өйткені өзгелерден менің ешқандай айырмашылығым жоқ.

М а р ж а н. Ой, жаңбыр жауғалы тұр-ау деймін.

М ұ р а т. Онда гүлге су құяйық.

М а р ж а н *(күліп)*. Ой, жынды! Сен біртүрлі қызықсың.

М ұ р а т. Қызық болғанда қандаймын?

М а р ж а н. Білмеймін. Мұрат, маған салған суреттеріңді көрсетші.

М ұ р а т. Жүр.

(Екеуі мольбертке келеді. Маржан ұзақ қарайды.)

М а р ж а н. Бір жеріне қызыләскердің бейігін салу керек. Міне, мұнда!

М ұ р а т. Жоқ, бейіт сыймайды. Бәйтеректің жанына атам мен әжемді саламын.

М а р ж а н. Мынау жер бос емес пе?

М ұ р а т. Ол жерге орманның көрінісі түседі.

М а р ж а н. Егер бейітті салмасаң суретіңнің бағасы кетеді. Мұндай көшірме суреттер толып жатыр. *(Пауза.)* Өзің суретші боламын дейсің. Бірақ қарапайым нәрсені түсінбейді екенсің. *(Пауза.)* Мүлгіген қалың орман тыныштықтың, ал алып бәйтерек мәңгілік пен қайсарлықтың, қолына күрек ұстаған шал мен нан пісіріп отырған кемпір тіршіліктің символы болса, бейіт осылардың мазмұны, түйіні. Әрине